4) Құрылымның және штат саны лимиті негізінде Департамент туралы Ережені, Департаменттің құрылымы мен штат кестесін әзірлеуді қамтамасыз етеді және оларды Қазынашылық комитетінің төрағасына бекітуге береді;

5) Департаменттің аумақтық органдары мен құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді бекітеді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін және Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлық беру мәселелерін шешеді;

7) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін заңнамаға сәйкес қорғайды;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға жеке басымен жауапкершілік алады;

10) Департаменттің заң қызметі бөлімшесіне жетекшілік етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзыреттерді іске асырады.

21. Басшы болмаған уақытта оның міндеттерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасының немесе оны

алмастырушының ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысының белгілеуімен оның орынбасарларының бірі атқарады.

22. Департамент қазынашылық органдарының қызметтерінің мәселелерін қарайтын және консультативтік-кеңес органы болып табылатын алқа құруы мүмкін. Алқаның саны мен дербес құрамын Департамент басшысы бекітеді.

4. Департаменттің мүлкі

23. Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады, негізгі қорлардан және айналым қаражаттардан тұратын оған мемлекет тапсырған мүліктің есебінен, сондай-ақ құны Департаменттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптастырылады

24. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

25. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және шекте Департаментке мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитеті төрағасының
2015 жылғы 15 қазандағы
№ 127 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті туралы

Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті (әрі қарай-Департамент) республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алу, қамтамасыз ету саласында және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттары мен шетел валюталар шоттары және де квазимемлекеттік секторларының субъектілері шоттары (әрі қарай - КСС) бойынша операцияларды өткізу

салаларындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазынашылық комитеті төрағасының бұйрықтарына (өкімдерін), өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

3. Департамент ұйымдық-құқықтық нысандағы республикалық мемлекеттік мекеме, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында және Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексінде қарастырылған, Қазақстан Республикасында халықаралық келісім-шарттармен бекітілген жағдайларда шоттары бар заңды тұлға болып табылады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департамент өз қызметінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер, оларды жергілікті бюджеттер бойынша үйлестіру, жергілікті бюджеттерге түсімдерді бөлу нормативтерін жүргізу, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын (бұдан әрі - ҚБШ) мемлекеттік мекемелердің шетел валюта шоттарын, КСС шоттарын, аударым операцияларын жүргізу және оларды есепке алу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы және уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынас жасайды.

6. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік көшесі 57 үй.

9. Департаменттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Астана қаласы бойынша Қазынашылық департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

12. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында келісім -шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

13. Департаменттің міндеттері:

1) республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету;

2) бюджеттердің түсімдер бойынша атқарылуын өз құзыреті шегінде және заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

14. Департаменттің функциялары:

1) қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҚИАЖ) түсімдер мен төлемдерді қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттердің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және олардың өзгерістерін енгізу;

2) мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларын, мемлекеттік мекемелердің өз өкімінде қалатын тауарларды (қызмет, жұмыстарды) сатудан түсетін түсімдер мен шығыстар жоспарларын және олардың өзгерістерін ҚИАЖ-ға енгізу;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің құзыретінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түсетін қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркеуді жүзеге асыру;

4) республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің төлем шоттарын және КСС төлем тапсырмаларын бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте енгізу және бекіту;

5) "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесінде төлемдерді өткізу;

6) мемлекеттік мекемелердің кодтарын, тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаның бақылау шотын, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың шоттарын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты

гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттарды және КСС шоттарын жүргізу;

7) облыстық бюджет пен облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілетін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында түсімдерді бөлу нормативтерін енгізу;

8) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) қаржыландырудың жеке жоспарларын және кассалық шығыстарын, сондай-ақ ақылы қызметтер, демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша ҚБШ, ақшаны уақытша орналастыру, мақсаттық қаржыландыру, шетел валютасындағы және мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының Бюджеттік заңнамасында қарастырылған өзге де шоттарды есепке алуды қамтамасыз ету;

9) төлемдерді өткізу барысындағы төлем шоттарын тексеру кезінде төмендегі сәйкестіктерге ағымдық бақылау жасауды жүзеге асырады:

төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына;

тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге;

бірыңғай бюджеттік сыныптамаға;

нысандар бойынша, толықтығы және дұрыс толтырылуы бойынша Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

ғимараттарды, имараттарды, жолдарды салуға немесе қайта жөндеуден өткізуге, үй-жайларды, ғимараттарды, имараттарды, жолдарды және басқа да нысандарды түбегейлі жөндеуден өткізуге қатысты жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасын жасау құны келісім-шарттың құнына кіргізілген шығыстар бойынша, аванстан кейінгі төлемдерді жүргізу кезіндегі жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасына кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының болуын қосымша тексеру;

10) бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте кассалық шығыстарды қалпына келтіру;

11) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің және КСС ұсынған құжаттар негізінде ақша алушылардың анықтамалығын жүргізу;

12) мемлекеттік кірістер органдарының бюджеттен түсімдер сомасын қайтару не оларды салық берешектерін өтеу есебіне есепке алу жөніндегі төлем құжаттарын орындау;

13) республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кассалық шығыстарын қалпына келтіру және тасымалдауды іске асыру;

14) бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді екінші деңгейдегі банктер арқылы қолма - қол ақшамен қамтамасыз етуді ұсымдастыру;

15) "Қазпошта" АҚ филиалдары арқылы бюджетте салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалардан және мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен алынған қолма-қол ақшаны есептеу бойынша мәліметтер құрастыру;

16) бюджетте салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалардан және мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен алынған қолма-қол ақшаны есептеу бойынша салыстыруды жүзеге асыру;

17) "Ұлттық валютада анықталғанға дейін екіжақты есеп бойынша аударылған сомалар" 902 шоты бойынша төлемдерді есепке алу, бақылау және өткізуді жүргізу;

18) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы күнделікті, ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық есептілікті қалыптастыру;

19) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мүдделі мемлекеттік органдарға жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша есептерді және басқа да есептерді дайындау және ұсыну;

20) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бағдарламалар, кіші бағдарламалар мен ерекшеліктер бөлінісінде есептілік нысандарын беру, сондай-ақ, шоттар бойынша операциялар жүргізілген жағдайда, көшірмелерін беру;

21) КСС шоттары бойынша өткізілген операциялар туралы есептерді қалыптастыру, басып шығару және ұсыну;

22) инкассалық өкімді, мемлекеттік кірістер органдарының шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін, сот актілерін, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулыларын, атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулыларын және басқа да мемлекеттік органдардың құжаттарын Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте орындау;

23) мемлекеттік мекемелер ұсынған шетел валютасын конвертациялау, реконвертациялауға, шетел валютасындағы ақшаны аударуға ұсынған өтініштерін бюджеттік заңнамаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

24) мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарына, жиынтық қаржыландыру жоспарына, Бірыңғай бюджеттік сыныптама кодтарына, республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттер мен несиелер бойынша төмендегі бюджеттердің қаржыландыру жоспарлары жоғары бюджеттердің қаржыландыру жоспарларына сәйкестігін бақылау;

25) мемлекеттік мекемелердің шоттарына тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан, демеушілік, қайырымдылық көмектен,

мемлекеттік мекемелердің ақшасын ҚБШ-на уақытша сақтаудан түсетін ақшаның есепке алынуының дұрыстығын бақылау;

26) мемлекеттік мекемелердің ұсынатын міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, жеке қаржыландыру жоспарларына, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың, төлем тапсырмаларының, шот-фактуралардың, шетел валютасын аударуға өтініштердің, шетел валютасын конвертациялауға, реконвертациялауға тапсырыстардың, аккредитивтерді ашуға өтініштердің, хабарлама-шоттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттардың және азаматтық-құқықтық мәмілелердің Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес келуін тексеру;

27) КСС төлемдерін өткізуде төлем тапсырмаларын тексеру кезінде келесі құжаттардың болуына:

шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (акт) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелері;

бағалы қағаздар нарығын қадағалау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның куәлігін не КСС жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударылған жағдайда басқару органдарының тиісті шешімі;

үлгілердің толтырылуының толықтығы мен дұрыстығын Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ағымдағы тексерісті жүзеге асыру;

28) бағдарламалық – аппаратты және телекоммуникациялық кешенді сүйемелдеуді және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

29) Бюджеттік кодексінің және Бюджет кодексінде қабылдануы қарастырылған бюджеттің атқарылуы тәртібін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуы кезінде мемлекеттік мекемелердің және КСС ұсынған құжаттарды орындамай қайтару;

30) қазынашылық пен мемлекеттік мекеме немесе КСС арасында электронды қол қоюды қолдану туралы келісімдер жасау;

31) мемлекеттік мекемелерге және КСС "Қазынашылық - Клиент" ақпараттық жүйесі арқылы қызмет көрсету;

32) мұнай саласы ұйымдарын Бюджет кодексінің 22 бабы 3 тармағына сәйкес бекітілген Мұнай саласы ұйымдарының тізімімен бюджетке түскен кезде салыстыру;

33) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың мемлекеттік органдардың функцияларын беру кезінде бюджеттік алуларды, мақсатты трансферттерді уақытында аударуын бақылауды жүзеге асыру;

34) мемлекеттік мекемелердің және КСС-нің досьелерін жүргізу және қалыптастыру;

35) мемлекеттік мекемелердің және КСС анықтамалығына өзгерістер енгізу;

36) Департаменттің кадр және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;

37) Департаментті қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

38) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған өзге де функцияларды атқару.

15. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) Қазынашылық комитетінен, жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардан, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерден мемлекеттік бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру үшін қажетті ақпараттар пен мәліметтерді алу;

2) қазынашылық жүйесінің қызметін жетілдіру және оның атқаратын міндеттері мен функцияларын орындауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) мемлекеттік бюджетке қатысты және оның қаражаты есебінен ұлттық және шетелдік валютада (олардың жүзеге асырылуын үшінші тұлғаларға беру құқығынсыз); сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түскен ақшаларға; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін және олардың демеушіліктен, қайырымдылық көмектен, гранттардан түскен ақшаларына; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мемлекеттік мекемелерге оларды қайтарып алу шартында немесе сәйкес бюджетке, болмаса, үшінші тұлғаға белгілі-бір шарттардың кез-келген кезде аударатын ақшаларына қатысты, республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржылық жылында қарастырылған КСС жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдануға қатысты келесі банктік операцияларды:

ҚБШ, мемлекеттік мекемелердің шоттарын шетел валютасында, КСС шоттарын жүргізу;

аударым операциялары: мемлекеттік мекемелердің төлеуге арналған шоттарының, КСС және мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырыстарының негізінде төлемдерді өткізу;

4) бюджет заңнамасында көзделген жағдайда азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуді, төлемдерді өткізу мен ақша аударымдарын жүргізуді және бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыруды Бюджеттік кодексінің талаптарын бұзған жағдайда және Бюджет кодексінде қабылдануы қарастырылған бюджеттің атқарылу тәртібін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылған жағдайда тоқтатып қоюға;

5) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, жеке, заңды және басқа да тұлғалардың сұраныстары бойынша банктік және басқа да заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді заңнамамен белгіленген тәртіпте ұсынуға;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

16. Департаментті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады.

Басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

17. Департамент басшысы Департамент жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Департаментке жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалмағаны үшін дербес жауапты болады.

18. Департамент басшысы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Департаменттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Департамент қызметкерлерін заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындайды және босатады;

3) Департамент қызметкерлеріне заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

4) Құрылымның және штат саны лимиті негізінде Департамент туралы Ережені, Департаменттің құрылымы мен штат кестесін әзірлеуді қамтамасыз етеді және оларды Қазынашылық комитетінің төрағасына бекітуге береді;

5) Департаменттің құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді бекітеді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлық беру мәселелерін шешеді;

7) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін заңнамаға сәйкес қорғайды;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға жеке басымен жауапкершілік алады;

10) Департаменттің заң қызметі бөлімшесіне жетекшілік етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзыреттерді іске асырады.

19. Басшы болмаған уақытта оның міндеттерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасының немесе оны алмастырушының ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысының белгілеуімен оның орынбасарларының бірі атқарады.

20. Департамент қазынашылық органдарының қызметтерінің мәселелерін қарайтын және консультативтік-кеңес органы болып табылатын алқа құруы мүмкін. Алқаның саны мен дербес құрамын Департамент басшысы бекітеді.

4. Департаменттің мүлкі

21. Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады, негізгі қорлардан және айналым қаражаттардан тұратын оған мемлекет тапсырған мүліктің есебінен, сондай-ақ құны Департаменттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптастырылады

22. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

23. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және шекте Департаментке мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігі Қазынашылық
комитеті төрағасының
2015 жылғы 15 қазандағы
№ 127 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша
Қазынашылық департаменті туралы
Ереже

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті (әрі қарай - Департамент) республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету, республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша операцияларды есепке алу, қамтамасыз ету саласында және мемлекеттік мекемелердің қолма-қол ақшаның тиісті бақылау шоттары мен шетел валюталар шоттары және де квазимемлекеттік секторларының субъектілері шоттары (әрі қарай - КСС) бойынша операцияларды өткізу салаларындағы функцияларды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық органы болып табылады.

2. Департамент өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің және Қазынашылық комитеті төрағасының бұйрықтарына (өкімдерін), өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүргізеді.

3. Департамент ұйымдық-құқықтық нысандағы республикалық мемлекеттік мекеме, өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің аумақтық қазынашылық органдарында және 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінде (бұдан әрі – Бюджет кодексі) қарастырылған, Қазақстан Республикасында халықаралық келісім-шарттармен бекітілген жағдайларда шоттары бар заңды тұлға болып табылады.

4. Департаменттің республикалық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылатын Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын және тарататын аумақтық органдары бар, оларға: Қазынашылық комитетінің және Департаменттің бақылауындағы және оған есеп беретін аудандық қазынашылық басқармалары жатады.

5. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Департамент өз қызметінде мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдер, оларды жергілікті бюджеттер бойынша үйлестіру, жергілікті бюджеттерге

түсімдерді бөлу нормативтерін жүргізу, қолма-қол ақшаны бақылау шоттарын (бұдан әрі - ҚБШ) мемлекеттік мекемелердің шетел валюта шоттарын, КСС шоттарын, аударым операцияларын жүргізу және оларды есепке алу мәселелері бойынша жергілікті атқарушы және уәкілетті органдармен өзара қарым-қатынас жасайды.

7. Департамент өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 050000, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 83.

10. Департаменттің толық атауы: "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің Алматы қаласы бойынша Қазынашылық департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

11. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

12. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджет қаражатынан жүзеге асырылады.

13. Департаментке кәсіпкерлік субъектілерімен Департаменттің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында келісім -шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осы қызметтен алынған кірістер республикалық бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Департаменттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

14. Департаменттің міндеттері:

1) республикалық бюджетті атқару және жергілікті бюджеттердің атқарылуына қызмет көрсету;

2) бюджеттердің түсімдер бойынша атқарылуын өз құзыреті шегінде және заңнамамен белгіленген тәртіпте қамтамасыз ету;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де міндеттерді орындау.

15. Департаменттің функциялары:

1) қазынашылықтың біріктірілген ақпараттық жүйесіне (бұдан әрі - ҚИАЖ) түсімдер мен төлемдерді қаржыландырудың жиынтық жоспарын, жергілікті бюджеттердің міндеттемелері бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын және олардың өзгерістерін енгізу;

2) мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, мемлекеттік мекемелерді қаржыландырудың жеке жоспарларын, мемлекеттік мекемелердің өз өкімінде қалатын тауарларды (қызмет, жұмыстарды) сатудан түсетін түсімдер мен шығыстар жоспарларын және олардың өзгерістерін ҚИАЖ-ға енгізу;

3) республикалық және жергілікті бюджеттердің, сондай-ақ мемлекеттік мекеменің құзыретінде қалатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түсетін қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің азаматтық-құқықтық мәмілелерін бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте тіркеуді жүзеге асыру;

4) республикалық және жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің төлем шоттарын және КСС төлем тапсырмаларын бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте енгізу және бекіту;

5) "Қазынашылық-клиент" ақпараттық жүйесінде төлемдерді өткізу;

6) мемлекеттік мекемелердің кодтарын, тиісті бюджеттердің қолма-қол ақшаның бақылау шотын, ақылы қызметтердің, демеушілік, қайырымдылық көмектің, ақшаны уақытша орналастыру, жергілікті өзін-өзі басқарудың, сыртқы қарызды немесе байланысты грантты қайтадан айырбастаудың шоттарын, шетел валютасындағы шоттарды, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарын, сыртқы қарыздардың немесе байланысты гранттардың арнайы шоттарына ашылатын шоттарды және КСС шоттарын жүргізу;

7) облыстық бюджет пен облыстық мәслихаттың шешімімен бекітілетін аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында түсімдерді бөлу нормативтерін енгізу;

8) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің бюджеттік бағдарламаларын (кіші бағдарламаларын) қаржыландырудың жеке жоспарларын және кассалық шығыстарын, сондай-ақ ақылы қызметтер, демеушілік және қайырымдылық көмек бойынша ҚБШ, ақшаны уақытша орналастыру, мақсаттық қаржыландыру, шетел валютасындағы және мемлекеттік мекемелердің Қазақстан Республикасының Бюджеттік заңнамасында қарастырылған өзге де шоттарды есепке алуды қамтамасыз ету;

9) төлемдерді өткізу барысындағы төлем шоттарын тексеру кезінде төмендегі сәйкестіктерге ағымдық бақылау жасауды жүзеге асырады:

төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарына;

тіркелген азаматтық-құқықтық мәмілелерге;

бірыңғай бюджеттік сыныптамаға;

нысандар бойынша, толықтығы және дұрыс толтырылуы бойынша Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасының талаптарына сәйкестігі;

ғимараттарды, имараттарды, жолдарды салуға немесе қайта жөндеуден өткізуге, үй-жайларды, ғимараттарды, имараттарды, жолдарды және басқа да нысандарды түбегейлі жөндеуден өткізуге қатысты жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасын жасау құны келісім-шарттың құнына кіргізілген шығыстар бойынша, аванстан кейінгі төлемдерді жүргізу кезіндегі жобалық (жобалық-сметалық) құжаттамасына кешенді ведомстводан тыс сараптаманың оң қорытындысының болуын қосымша тексеру;

10) бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте кассалық шығыстарды қалпына келтіру;

11) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің және КСС ұсынған құжаттар негізінде ақша алушылардың анықтамалығын жүргізу;

12) мемлекеттік кірістер органдарының бюджеттен түсімдер сомасын қайтару не оларды салық берешектерін өтеу есебіне есепке алу жөніндегі төлем құжаттарын орындау;

13) республикалық және жергілікті бюджеттердің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің кассалық шығыстарын қалпына келтіру және тасымалдауды іске асыру;

14) бюджеттік заңнамамен белгіленген тәртіпте республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерді екінші деңгейдегі банктер арқылы қолма - қол ақшамен қамтамасыз етуді ұсымдастыру;

15) "Қазпошта" АҚ филиалдары арқылы бюджетте салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалардан және мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен алынған қолма-қол ақшаны есептеу бойынша мәліметтер құрастыру;

16) бюджетте салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуге жеке тұлғалардан және мемлекеттік мекемелердің өкілдерінен алынған қолма-қол ақшаны есептеу бойынша салыстыруды жүзеге асыру;

17) "Ұлттық валютада анықталғанға дейін екіжақты есеп бойынша аударылған сомалар" 902 шоты бойынша төлемдерді есепке алу, бақылау және өткізуді жүргізу;

18) жергілікті бюджеттердің атқарылуы туралы күнделікті, ай сайынғы, тоқсан сайынғы және жылдық есептілікті қалыптастыру;

19) Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасына сәйкес мүдделі мемлекеттік органдарға жергілікті бюджеттердің атқарылуы бойынша есептерді және басқа да есептерді дайындау және ұсыну;

20) республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бағдарламалар, кіші бағдарламалар мен ерекшеліктер бөлінісінде есептілік нысандарын беру, сондай-ақ, шоттар бойынша операциялар жүргізілген жағдайда, көшірмелерін беру;

21) КСС шоттары бойынша өткізілген операциялар туралы есептерді қалыптастыру, басып шығару және ұсыну;

22) инкассалық өкімді, мемлекеттік кірістер органдарының шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы өкімін, сот актілерін, анықтау және алдын ала тергеу органдарының қаулыларын, атқарушылық іс жүргізу органдарының қаулыларын және басқа да мемлекеттік органдардың құжаттарын Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленген тәртіпте орындау;

23) мемлекеттік мекемелер ұсынған шетел валютасын конвертациялау, реконвертациялауға, шетел валютасындағы ақшаны аударуға ұсынған өтініштерін бюджеттік заңнамаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асыру;

24) мемлекеттік мекемелердің жеке қаржыландыру жоспарына, жиынтық қаржыландыру жоспарына, Бірыңғай бюджеттік сыныптама кодтарына, республикалық бюджеттен бөлінетін мақсатты трансферттер мен несиелер бойынша төмендегі бюджеттердің қаржыландыру жоспарлары жоғары бюджеттердің қаржыландыру жоспарларына сәйкестігін бақылау;

25) мемлекеттік мекемелердің шоттарына тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан, демеушілік, қайырымдылық көмектен, мемлекеттік мекемелердің ақшасын ҚБШ-на уақытша сақтаудан түсетін ақшаның есепке алынуының дұрыстығын бақылау;

26) Департаменттің аумақтық органдарында ведомстволық бақылауды жүзеге асыру;

27) мемлекеттік мекемелердің ұсынатын міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарларының, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарларының, жеке қаржыландыру жоспарларына, түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспарларына, міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізу туралы анықтамалардың, төлем тапсырмаларының, шот-фактуралардың, шетел валютасын аударуға өтініштердің, шетел валютасын конвертациялауға, реконвертациялауға тапсырыстардың, аккредитивтерді ашуға өтініштердің, хабарлама-шоттардың, орындалған жұмыстар актілерінің, жүкқұжаттардың және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген басқа да құжаттардың және азаматтық-құқықтық мәмілелердің Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес келуін тексеру;

28) КСС төлемдерін өткізуде төлем тапсырмаларын тексеру кезінде келесі құжаттардың болуына:

шот-фактураның немесе тауарларды жеткізу туралы жүкқұжаттың (акт) немесе орындалған жұмыстардың, көрсетілген қызметтердің актісі немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құжат түрінің көшірмелері;

бағалы қағаздар нарығын қадағалау мен реттеуді жүзеге асыратын уәкілетті органның куәлігін не КСС жарғылық капиталын ұлғайтуға ақша аударылған жағдайда басқару органдарының тиісті шешімі;

үлгілердің толтырылуының толықтығы мен дұрыстығын Қазақстан Республикасы банк заңнамасының талаптарына сәйкестігіне ағымдағы тексерісті жүзеге асыру;

29) бағдарламалық – аппаратты және телекоммуникациялық кешенді сүйемелдеуді және қауіпсіздік талаптарының сақталуын қамтамасыз ету;

30) Бюджет кодексінің және Бюджет кодексінде қабылдануы қарастырылған бюджеттің атқарылуы тәртібін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылуы кезінде мемлекеттік мекемелердің және КСС ұсынған құжаттарды орындамай қайтару;

31) қазынашылық пен мемлекеттік мекеме немесе КСС арасында электронды қол қоюды қолдану туралы келісімдер жасау;

32) мемлекеттік мекемелерге және КСС "Қазынашылық - Клиент" ақпараттық жүйесі арқылы қызмет көрсету;

33) мұнай саласы ұйымдарын Бюджет кодексінің 22 бабы 3 тармағына сәйкес бекітілген Мұнай саласы ұйымдарының тізімімен бюджетке түскен кезде салыстыру;

34) бюджетті атқару жөніндегі жергілікті уәкілетті органдардың мемлекеттік органдардың функцияларын беру кезінде бюджеттік алуларды, мақсатты трансферттерді уақытында аударуын бақылауды жүзеге асыру;

35) мемлекеттік мекемелердің және КСС-нің досьелерін жүргізу және қалыптастыру;

36) мемлекеттік мекемелердің және КСС анықтамалығына өзгерістер енгізу;

37) Департаменттің кадр және ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру;

38) Департаментті қаржылық, материалдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру;

39) Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылған өзге де функцияларды атқару.

16. Департаменттің құқықтары мен міндеттері:

1) Қазынашылық комитетінен, жергілікті атқарушы және уәкілетті органдардан, республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен

ұсталатын мемлекеттік мекемелерден мемлекеттік бюджеттің атқарылуын ұйымдастыру үшін қажетті ақпараттар пен мәліметтерді алу;

2) қазынашылық жүйесінің қызметін жетілдіру және оның атқаратын міндеттері мен функцияларын орындауды ұйымдастыру жөнінде ұсыныстар енгізу;

3) мемлекеттік бюджетке қатысты және оның қаражаты есебінен ұлттық және шетелдік валютада (олардың жүзеге асырылуын үшінші тұлғаларға беру құқығынсыз); сонымен қатар, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметті) сатудан түскен ақшаларға; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес мемлекеттік мекемелер үшін және олардың демеушіліктен, қайырымдылық көмектен, гранттардан түскен ақшаларына; Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалардың мемлекеттік мекемелерге оларды қайтарып алу шартында немесе сәйкес бюджетке, болмаса, үшінші тұлғаға белгілі-бір шарттардың кез-келген кезде аударатын ақшаларына қатысты, республикалық бюджет туралы заңда немесе жергілікті бюджет туралы мәслихат шешімінде тиісті қаржылық жылында қарастырылған КСС жарғылық капиталдарын ұлғайтуға және инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға қолдануға қатысты келесі банктік операцияларды:

ҚБШ, мемлекеттік мекемелердің шоттарын шетел валютасында, КСС шоттарын жүргізу;

аударым операциялары: мемлекеттік мекемелердің төлеуге арналған шоттарының, КСС және мемлекеттік кірістер органдарының төлем тапсырыстарының негізінде төлемдерді өткізу;

4) бюджет заңнамасында көзделген жағдайда азаматтық-құқықтық мәмілелерді тіркеуді, төлемдерді өткізу мен ақша аударымдарын жүргізуді және бюджеттік бағдарламалар әкімшісін қаржыландыруды Бюджеттік кодексінің талаптарын бұзған жағдайда және Бюджет кодексінде қабылдануы қарастырылған бюджеттің атқарылу тәртібін анықтайтын басқа да нормативтік құқықтық актілер талаптарының бұзылған жағдайда тоқтатып қоюға;

5) мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, жеке немесе заңды тұлғалардың сұраныстары бойынша банктік және басқа да заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді заңнамамен белгіленген тәртіпте ұсынуға;

6) Департаменттің аумақтық органдарының қызметтеріне тексеруді жүзеге асыру, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар енгізу.

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

3. Департаменттің қызметін ұйымдастыру

17. Департамент аумақтық органдарға басшылық етуді жүзеге асырады.

18. Департаментті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті төрағасының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын басшы басқарады.

Басшының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Департамент басшысының ұсынымы бойынша Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасы қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары болады.

19. Департамент басшысы Департамент жұмысын ұйымдастырады және басқарады және Департаментке жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалмағаны үшін дербес жауапты болады.

20. Департамент басшысы мынадай өкілеттіктерді жүзеге асырады:

1) өз орынбасарларының, Департаменттің аумақтық органдары және құрылымдық бөлімшелері басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

2) Департаменттің номенклатурасы болып табылатын қызметкерлерді заңнамаға сәйкес лауазымға тағайындайды және босатады;

3) Департамент қызметкерлеріне және Департаменттің аумақтық қазынашылық органдары басшыларының орынбасарларына заңнамаға сәйкес белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады;

4) Құрылымның және штат саны лимиті негізінде Департамент туралы Ережені, Департаменттің құрылымы мен штат кестесін әзірлеуді қамтамасыз етеді және оларды Қазынашылық комитетінің төрағасына бекітуге береді;

5) Департаменттің аумақтық органдары мен құрылымдық бөлімшелері туралы Ережелерді бекітеді;

6) заңнамада белгіленген тәртіппен Департаменттің қызметкерлерін және Департаменттің аумақтық органдарының басшыларын іссапарға жіберу, оларға демалыс беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемақы төлеу және сыйлық беру мәселелерін шешеді;

7) Департаменттің бұйрықтарына қол қояды;

8) мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Департаменттің мүддесін заңнамаға сәйкес қорғайды;

9) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұруға жеке басымен жауапкершілік алады;

10) Департаменттің заң қызметі бөлімшесіне жетекшілік етеді;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құзыреттерді іске асырады.

21. Басшы болмаған уақытта оның міндеттерін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазынашылық комитетінің төрағасының немесе оны

алмастырушының ұсынымы негізінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Жауапты хатшысының белгілеуімен оның орынбасарларының бірі атқарады.

22. Департамент қазынашылық органдарының қызметтерінің мәселелерін қарайтын және консультативтік-кеңес органы болып табылатын алқа құруы мүмкін. Алқаның саны мен дербес құрамын Департамент басшысы бекітеді.

4. Департаменттің мүлкі

23. Департаменттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

Департаментке бекітіп берілген мүлік республикалық меншікке жатады, негізгі қорлардан және айналым қаражаттардан тұратын оған мемлекет тапсырған мүліктің есебінен, сондай-ақ құны Департаменттің теңгерімінде көрсетілетін өзге де мүліктен қалыптастырылады

24. Департаменттің өзіне бекітіліп берілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік жүргізуге құқығы жоқ.

25. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және шекте Департаментке мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

5. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату

26. Департаментті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.